



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//10 ЖЕЛТОҚСАН 2020 ЖЫЛ

БІР ХАЛЫҚ – БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР

Волонтерлік қозғалыс: ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ, НҰРЛЫ АҚЫЛ, ЖЫЛЫ ЖҮРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтер жылының ресми жабылу рәсімінде қатысты. Президент жиында қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Волонтер жылының табысты болғанын атап өтті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Бұл жыл біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлем тарихында аса күрделі кезеңдердің бірі болғанына қарамастан, «қайырымды істер» жалпыұлттық идеясы он мыңдаған қазақстандықтың қайырымдылығы мен жанашырлығының арқасында өмір шындығына айналды. Президент өз сөзінде отандастарымыз ұлт рухының мызғымас беріктігін, бірлік пен ынтымақтың, тұтастық пен тілектіліктің, шынайы ықпал пен бір-біріне деген қамқорлықтың жарқын үлгісін көрсетті, деп атап өтті.



Еріктілер жылы жалынды жастарымыздың бойындағы ең асыл қасиеттері дәріптеген ерекше жылға айналды. Бұл жанашырлыққа, жауапкершілік пен қамқорлыққа үндеген кезең болды. Біз мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, түрлі қиындықтармен бірге күрестік. Осылайша, адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалайтын қоғам екенімізді таныттық. Әлемді жайлаған індет қайырым мен мейірімнің қаншалықты маңызды екенін анық көрсетті. Қауіпті дерт ел-жұрттың денсаулығын ғана емес, бекем бірігіп де сына алады. Біз бір ел, бір халық болып бұл сынаға төтеп бердік, – деп Президент.

Жыл бойы 100 мыңнан астам адам ерікті қызмет көрсетті. Волонтерліктің жаңа бағыттары да тиімді дами бастады. Мемлекет басшысы жанашыр азаматтары көп мемлекеттің болашағы да жарқын болатынын атап өтті. Еріктілер қызметі барша азаматтарымызға үлгі болып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға жол ашатынына сенім білдірді.

«Bigemit» жалпыұлттық бастамасы аз ғана уақытта көптеген мейірімді отандасымызды жұдырықтай жұмылдырды. Олар осындай қиын кезеңде мұқтаж жандарға қол ұшын созды. Аталған бастама аясында «Qatqor», «Saulıq», «Sabaqastay» жобалары жүзеге асырылып, жүз мыңдаған тұрғынға көмек көрсетілді. Өзендерді, ормандарды тазалау, ағаш егу, қоқысты сұрыптау жөніндегі «Таза Алем» волонтерлік қозғалысының қызметі де көпшіліктің қолдауына ие болды. Бүгінде экобелсенділік – сән қу емес, шынайы қажеттілік, өмір қағидағы. Сол арқылы біз табиғатымызды сақтай аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік органдар, архив ұйымдары, ғылыми институттар еріктілердің ресурсын пайдалануы қажет деп санайды. Оның айтуынша, Арыс пен Мақтаралдағы қайғылы оқиғаларды ескере отырып, күрделі техногенді апаттардан кейінгі құтқару жұмыстарын жүргізу үшін еріктілер дайындайтын арнайы оқыту курстарын ашу қажеттігі туындап отыр. Табиғатты және жан-жануарларды қорғау мәселесі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Сондай-ақ қайырымдылық қызметіне жүйелі түрде қолдау көрсету мәселесіне де басымдық берген жөн. Президенттің тапсырмасы бойынша қайырымдылық саласындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік беретін Қайырымдылық туралы заң жобасы әзірленуде.

Әлеуметтік бағыттағы қызметті ынталандыру және оны қолдаудың баршаға түсінікті әрі тиімді құқықтық тетіктері қажет. Бұл үшін Үкімет атқарылатын міндеттерді пысықтауы тиіс. Қайырымдылық ұйымдарын алғашқы ашылған жылдары және одан кейінгі уақытта дамыту үшін олардың жеңілдетілген несие алуына, мемлекет меншігіндегі нысандарды жеңілдікпен пайдалануына мүмкіндіктер жасау керек.

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

| Индекстер | Көрсеткіш | Өзгеріс |
|-------------------|-----------|----------|
| KASE | 2 629.21 | 0.67% ↑ |
| FTSE 100 | 6558.82 | 0.05% ↑ |
| CAC 40 | 5560.67 | -0.23% ↓ |
| S&P 500 | 3702.36 | 0.28% ↑ |
| Dow Jones | 30173.88 | 0.35% ↑ |
| Nikkei 225 | 26467.08 | -0.30% ↓ |
| DAX | 13278.49 | 0.06% ↑ |
| SSE Comp | 3410.18 | -0.19% ↓ |
| 09 Желтоқсан 2020 | | |
| Тауарлар | Көрсеткіш | Өзгеріс |
| Мұнай | 48.84 | 0.10% ↑ |
| Алтын | 1 868.15 | 0.44% ↑ |
| Платина | 1 024.00 | 0.10% ↑ |
| Паладий | 2 318.00 | -0.77% ↓ |
| Никель | 14 423.00 | -0.61% ↓ |
| Алюминий | 1 770.50 | -0.53% ↓ |
| Күміс | 24.17 | 0.81% ↑ |
| 09 Желтоқсан 2020 | | |
| Валюта нарықтары | Көрсеткіш | Өзгеріс |
| USDKZT | 421.24 | -0.06% ↓ |
| EURKZT | 510.96 | 0.26% ↑ |
| USD RUB | 73.3213 | -0.27% ↓ |
| USD JPY | 28.0500 | -0.18% ↓ |
| USD BWN | 2.5516 | 0.28% ↑ |
| EUR USD | 1.2129 | 0.23% ↑ |
| GBP USD | 1.3456 | 0.77% ↑ |
| 09 Желтоқсан 2020 | | |

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Керек-жаракты өзімізде өндіреміз



Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы сырттан келетін киім-кешекті, азық-түлікті, құрал-жабдықтар және өзге де заттарды өзімізде өндіріп, бір сөзбен айтқанда халық тұтынатын тауарлар импорттың көлемін азайтуға, сол арқылы қаржы капиталын үнемдеуді, ұлттық экономиканы дамытуға көздейді.

Оған біздің тауарларымызды өңірлік және әлемдік нарыққа ігерілетіндік белсенді сипат дарыту керек. Сонымен бірге, халық тұтынатын тауарлардың ауқымды номенклатурасын игеріп, «Қарапайым заттар экономикасын» дамыту үшін кәсіпорындарымызға көмектесу қажет. Бұл экспорттық әлеуетімізді жүзеге асыру тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыру үшін де маңызды, – деп қарапайым заттар экономикасы салаларын дамытуға мән-маңыз берген болатын. Бұл әлемдік

конъюнктура ауытқуларына төтеп беруге, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың, өндірістік нысандардың жұмыс қуаты көлемін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жас мамандарды еңбекке тартуға, тоқетерін айтсақ, халықтың әлауатын көтеруге әсер етеді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаржылық агент ретінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлердің несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау, банктер арқылы кәсіпкерлердің несиелеріне кепілдік беруді іске асырады. Сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қолдау көрсетеді, қаржылай қолдау мониторингін жүргізеді.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы келесі бағыттарда жұмыс істейді: агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс және қайта өңдеу, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс пен қызмет.

ИНДУСТРИЯ АЛЫПТАРЫ



YDD Corporation: Өндіріс артып, әлеует нығайды

Қарағанды феррокорыта зауыты – әлемдік өнеркәсіптегі үдемелі даму мен цифрландыру үлгісіне сай қарқынды жұмыс істеп келе жатқан бірегей кәсіпорын. Ферросилиций өндірісін отандық қобалжысшы өндіріс қана емес, жаһандық металлургия саласында да ерекше орын алады.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Кәсіпорын негізінен болат, шойын қорытпаларын балқыту және легирлеу кезінде металлдардың механикалық және коррозияға төзімділігін жақсарту үшін қолданылатын жоғары сапалы ферросилиций өндірісін айналдырады.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

▶ ЕАЭО интеграциясы

А.Мамин инвестициялық қызметті күшейтуді ұсынды



Премьер-министр Аскар Мамин Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (ЕУАК) отырысына бейнеконференция байланысы режимінде қатысты.

Үкімет басшысы Еуразиялық экономикалық одақта және одан тыс жерде сауданың көлемі мен тұрақтылығын арттыру қажеттігін айтты. Бұл ЕАЭО-ның еркін сауда аймағы туралы келісімдері бар елдердің тізімін кеңейтуді талап етеді. Премьер-министр ЕАЭО аясындағы инвестициялық қызметтің ішкі әлеуетін арттыру жөніндегі жұмысты күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

— Бұл процесте негізгі мақсаты — ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экономикалық осуіне ықпалдау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру арқылы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту болған Еуразиялық даму банкі бірінші кезектегі рөлді атқаруы тиіс, — деді А.Мамин.

Ол ЕАЭО-да қабылданатын барлық шешімдердің бизнесі дамытуға, ЕАЭО елдері бюджеттерінің шығыстарына және жалпы алғанда экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға әсерін міндетті сандық және сапалық бағалауды енгізуді ұсынды.

Отырысқа қатысушылар

Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жеке-кеңестерін шығарылған елін айқындау қағидаларын, ЕАЭО ішкі нарығында 2021-2022 жылдары жойылуы тиіс алып тастау және шектеулер тізбесін, бірінші кезеңдік-тарифтік реттеу мәселесін, сондай-ақ ЕАЭО аясында құрылыс саласында көрсетілетін қызметтердің бірінші нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарады.

▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Қазірде жоғары оқу орындарында оқу қашықтан және аралас форматта жүреді. ЖОО-лар бұл өзгерістерге анағұрлым дайын болғанымен, көптеген ұйымдастырушылық мәселелерді шешуді қажет етті. Еліміздің білім ордаларындағы сессияның басталуы төңірегіндегі мәселелер ОКК алаңында кеңірек байланылды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Бүгінгі таңда студенттердің 84%-ы қашықтан және 16%-ы аралас форматта оқын жатыр. ВАК-та коронавирус инфекциясына қарсы іс-қимыл бойынша тиісті шешім қабылданып, оған сәйкес педагогикалық, гуманитарлық, әлеуметтік және АТ бағыттары бойынша оқыту тек онлайн-режимде жүзеге асырылуда. Ал медицина, инженерия секілді өрі қарай қашықтан оқыту қиындық туғызатын мамандықтар аралас форматта оқытылып жатыр. Осылайша, офлайн және онлайн оқытуды қолдана отырып, аралас формат жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, өнер секілді салаларда қолданылады. Бұл жағдайда дәрістер мен семинарлар онлайн режимінде өткізіледі. Зертханалық және практикалық сабақтар санитарлық режим мен әлеуметтік дистанцияны сақтай отырып, күнделікті форматта өтеді. Қашықтан оқыту үшін білім беру мекемелері қажетті цифрлық инфрақұрылыммен жабдықталған. «Әрине, ЖОО-лардың инфрақұрылымына қатысты сұрақтар әуел бастап болды және олардың қашықтан оқыту формасына көшуі көптеген жылдар бойы дайындық тұрғысынан болжамды процесс-тің. Осы бағытта жоғары оқу орындары серверлік мүмкіндіктерді нығайтып, түрлі жүйелерді, яғни білім беру платформаларын сатып алды, байланыс арналарын кеңейтті», — деді білім және ғылым вице-министрі Мираз Дәуленов.

Оның айтуынша, оқытушылар мен студенттерді цифрлық дағдыларға оқытуға, ноутбуктер сатып алуға, виртуалды зертханаларда оқытуға байланысты мәселелер туындады. Қашықтан оқытудың сапасы мен деңгейін қамтамасыз ету үшін қаражат бөлу қажет болды. Бүгінгі таңда ЖОО-лар АТ инфрақұрылымына инвестициялау бойынша үлкен жұмыс атқарды. Білім министрлігі оқу құнын көтермеу туралы ұсыныстар

берді. ЖОО жатақханаларында тұру және қашықтан оқыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Жоғары оқу орындары интернетке немесе қажетті компьютерлік техникаға қол жеткізе алмайтын білім алушыларға қолдау көрсетеді. Олар үшін жатақханаларда санитарлық-эпидемиологиялық режимді, қашықтан оқыту тәртібін сақтай отырып, өмір сүру үшін барлық жағдай жасалған. Бүгінде барлық жатақханалар штаттық режимде жұмыс істейді. Сонымен

студенттердің барлық жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесі арқылы бірегейлікке тексерумен қамтамасыз етеді. Вице-министр атап өткендей, академиялық адалдық — бұл студенттің өз білімі мен құралдарын пайдалануы және емтиханды адал тапсыруы. Мысалы, елдің медициналық жоғары оқу орындарының бірінде студенттер прокторингті қолдана отырып өздерін емтихан тапсырудан босатуды сұраған жағдай болған. «Бірақ медициналық жоғары оқу

ЖОО: Оқу сессиясы қалай өткізіледі?



қатар егер семестрдің басында жатақханаларда шамамен 15 мың студент тұрса, бүгінде 7 мың студент тұрады. Олар — негізінен шалғай өңірлердегі интернет қолжетпейтін жерде тұратын студенттер. Оқу залдары, компьютерлік сыныптар, конференц-залдар, тұрмыстық және душ бөлмелері жабдықталған. Интернетке сымсыз қосылу желісі жұмыс істейді. Әрбір жатақханада қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды болдырмау үшін жауапты тұлғалар белгіленген. Жатақханаларда санитарлық сипаттағы тиісті шаралар қабылданды.

Сонымен қатар ЖОО-ларда емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес өтеді. Вице-министрдің айтуынша, ЖОО-лар аймақтарға бөлуге, қашықтан оқытуға арналған жүйелер орнатылған сабақ бөлмелерін дайындауға қолдау қаражат жұмсалды. Сессия кезінде студенттердің барлық жазбаша жұмыстары плагиатқа тексеріледі. БҒМ әзірлеген шектеу шаралары кезінде оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ЖОО-лар аралық және қорытынды аттестаттау рәсімін прокторинг жүйесімен, сондай-ақ

орындарының студенттері бұл туралы сұраса, біз сонда қандай дәрігерлерді лаярлап шығарамыз, деген заңды сұрақ туындайды. Студенттер емтихан тапсыра алмаймыз деп қорқарып, қандай да бір академиялық әділетсізлік болды деп алаңдайды. Біз әсіресе, медициналық жоғары оқу орындарының студенттері үшін бұл дұрыс емес деп санаймыз», — деді ол.

Осы қыста сессия тиісті шараларды сақтай отырып, штаттық режимде өтеді. Қашықтан оқытын студенттер бұл сессияны қашықтық форматында тапсырады. 26 қарашадан бастап жоғары оқу орындарында сессия басталды. Сессия негізінен ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады. Яғни, студенттер жана жылға қарай барлық тиісті емтихандарын тапсырып, демала алады. Күндер әр университеттің академиялық күнтізбесіне байланысты. «Бүгінгі таңда академиялық үлгермеушілік жоқ. Қандай да бір академиялық қарызы бар студенттер академиялық кредиттерін жазғы семестрге ауыстырып, пәндерді сол кезде тапсыра алады», — деді М. Дәуленов.

▶ Сайлау-2021

ОСК мүшелері ЕҚЫҰ байқаушыларымен кездесті

ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшелері ЕҚЫҰ/ДИАКБ Сайлауды байқау жөніндегі Шектеулі миссиясының байқаушыларымен кездесті.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Имашев жақында Нұр-Сұлтан қаласына келген ЕҚЫҰ/ДИАКБ Сайлауды байқау жөніндегі Шектеулі миссиясының мүшелерін қарсы алды.

ОСК төрағасы миссия мүшелерін сайлаудың жарияланғанынан бастап дауыс беру күніне дейінгі науқанның негізгі кезеңдерімен қысқаша таныстырды.

Миссияның басшысы, Елші Ярослав Марчин Домански қазақстандық тарапқа



қабылдағаны үшін алғысын білдіріп, миссияның негізгі тобының мүшелерімен таныстырды. Тараптар бүкіл сайлау кезеңінде белсенді өзара іс-қимыл жасау туралы уағдаласты.

Кездесу соңында тараптар

дәстүрлі түрде қалыптасқан ынтымақтастық пен ізгі ниет қатынастары 2021 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде өз дамуын табатынына сенім білдірді.

▶ Бағалы металл үлесі

Қазақстанның алтын-валюта резерві айтарлықтай өсті



Әлемдік экономикалық жаһандық тұрақсыздық пен құлдырауға қарамастан Қазақстанның алтын-валюта резерві айтарлықтай өсіп, 2020 жылдың қарашасында 33, млрд долларды құрады.

Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 13,8 пайызға жоғары. Еліміздің алтын-валюта резервінің артымы алтын қоржынының өсімімен

байланысты. Өткен жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 26,9 пайызға артып, ақшаға шаққанда 23,2 млрд долларды құрады. 2015 жылдан бері еліміздің резервтеріндегі алтын үлесі тұрақты артып келеді. Осы жылдың қазанында алтын-валюта резервіндегі оның үлесі 69,1 пайызға жетті.

Алтын үлесінің айтарлықтай өсімі еліміздің Ұлттық

▶ ТУҒАН ЖЕР



МАРҚАКОЛ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫҒЫ ▶

Марқакөл көлі — Шығыс Қазақстанның меруерті болып табылады. Қорықта көптеген ишпалдық қасиеті әр осімдіктердің 700-ден аса түрі және сүтқоректілердің 55 түрі бар. Қорықтың жан-жануарлар әлемі де өте бай. Усқун балығы — Қазақстан көлемінде тек осы көлде ғана кездеседі.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

БІР ХАЛЫҚ – БІР ЕЛ – БІР ТАҒДЫР

Волонтерлік қозғалыс: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек

> [1]



Бизнес пен жеке тұлғалардың қайырымдылық және волонтерлік жобаларға қатысуына жаңа ынталандыру үшін оның тиімді тетіктерін, соның ішінде, мемлекеттік қолдау көрсету шаралары кезінде оларға құқықтық басымдық беру маңызды. Қайырымдылық және волонтерлік ұйымдарға мемлекет тарапынан да, бизнес тарапынан да көрсетілетін қаржылай және басқа да көмектердің аясын кеңейту керек. Үкіметке тиісті ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын, – деп Мемлекет басшысы.

қолдаудың бірыңғай стандартын жасау тапсырылды.

– Волонтерлік – бұл жай ғана әлеуметтік құбылыс емес. Тіпті, бір күнде қалыптасатын әдет немесе дағды деуге де болмайды. Бұл – көптеген адамдардың салналы түрде таңдаған өмір сәлі. Қайырымдылық – адамның бала кезінен бойға сінетін қасиет. Сондықтан, өскелең ұрпақты жастайынан жақсылық жасауға тәрбиелеу – өте маңызды міндет. Осы ретте, барлық білім беру мекемелерінде тақырыптық сабақтар мен факультативтік сағаттар енгізілді ұсынды. Қоғамға қызмет етуді зерттеген түйген ұл-қыздарымыз нағыз азамат балары анық. Дана Абай айтқан «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» дәл қазіргі кезде ағайын қажет. Бұл асыл қасиеттер волонтер қатарына қосыламын деген әрбір жастың бойынан табылады, – деп Касым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінде волонтерлік және қайырымдылық қызметтердің, сондай-ақ корпоративтік волонтерлікті дамыту аясында әлеуметтік серіктестіктің әлеуетін арттыруға баса мән берілді.

Қазақстан өлемнің өртүрлі елдеріндегі мұқтаж жандарға көмек қолын созу арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер

бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді атсалысқан елдердің бірі болды. Касым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында Волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық жылын жариялау жөнінде ұсыныс айтты. Бұл бастама Қазақстанның волонтерлік дәстүр мен мәдениетімізді елімізде ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемде дамытуға ниетті екенін білдіреді.

– Енді санаулы күннен соң біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қалам басамыз. Бұл – ел дамуындағы аса маңызды белес, тарихи жеке. Сондай-ақ жетістігімізді саралап, болашағымызды бағамдайтын кезең. Келер жылғы мерейтойлық іс-шаралардың мазмұнына ерекше мән береміз. Оның әрқайсысы терең мағыналы және қоғам үшін пайдалы болуға тиіс. Сонымен қатар өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруі шарт. Осыған орай халықтық деңгейде «Қайырымды істер» марафонын ұйымдастыруға ұсынамын. Бұл – береке-бірлігімізді арттыратын маңызды бастама. Қазіргідей күрделі кезеңде жақсы істер жасауға мән бергеніміз елімізді нығайта түсетіні анық. Бұл үшін ұлт бойлап ұйысуудың маңызы зор, – деп Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті пандемияның қиын-қыстау кезінде бытарап қалмай, халыққа көмек

тесіп жүрген, сондай-ақ волонтерлердің бірқатар ұсынысы мен бастамасына қолдау көрсеткен азаматтарға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Вера Ким, Арыс қаласының еріктісі Олжас Мамыр, БҰҰ Еріктілер бағдарламасының үйлестірушісі міндетін атқарушы Тойлы Курбанов, Теміртау қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берлікбай Ордабаев, «Қоғамдық бақылау» тобының республика бойынша үйлестірушісі Саида Тәуекелева, Ресей Волонтерлік бастамалар ассоциациясы орталығының төрағасы Артем Метелев, «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің офицери Богдан Петров, «INUCOBO» жан-жануарларды қорғау ұйымының президенті Лилия Сәрсенова, БҰҰ Еріктілерінің халықаралық волонтері Айнұр Қанафина, «Шаг навстречу» штабының еріктісі Максим Панченко, «АВК» атыраулық еріктілер корпусының басшысы Бекасыл Самиголла, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Динара Сәдуақасова сөз сөйледі.

Дайындаған Бекет КӨКЕНАЙҰЛЫ

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



WORLD BANK GROUP

ДБ: Шағын бизнес үшін бағдарламалар кеңейтілді тиіс

Қазақстан табысқа бастайтын құжаттарды кеңейту мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті (ШОК) қолдайтын қолданыстағы бағдарламалардың нәтижелілігі бағалауын өткізуді қажет, деп есептейді Дүниежүзілік банктің Орталық Азия бойынша аймақтық директоры Лилия Бурунчук.

Оның пікірінше, шағын және орта бизнеске іс-қимылдың жаңа түрлеріне өтуге және өндірістің жаһандық тізбегіне интеграциялануға мүмкіндік беретін жағдайларға қошу қажет. «Бұл жерде өте маңызды бағыт – дағдарыстан кейінгі ынталандырма (стимул) қажеттілігі. Индет кезінде оның салдарын жұмсартуға жап-жақсы шаралар қабылданды. Бірақ келешекте экономикаға ресурстар мен қаржылар беруге, сондай-ақ ШОК өсуі үшін және жаңа жұмыс орындарын құруға өте күшті инвестициялар жұмылдыру қажет болады. Ол үшін контрактилді қазыналы саясат жүргізілуі тиіс», – дейді ол.

Тағы бір маңызды бағыт – «экономиканы экологиялық таза қалпына келтіру» деп атады ол. «Әлемнің алдығы қатарлы экономистері «жасыл» дағдарыстан кейінгі ынталандырма экономиканы жеделірек және табысты қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретінін айқындап отыр», – деп атап көрсетті Л.Бурунчук.



Қазақстан ОПЕК+ келісімін қолдады

ОПЕК+ елдері мұнай өндіру бойынша шектеулер деңгейін түзету үшін ай сайын жиыналып отыратын болды. Бұл туралы шешім ұйымға қатысушы елдердің 3 желтоқсанда өткен министрлер мәжілісінде қабылданды.

Кезеңуе видеоконференция түрінде өтті. Қазақстан атынан ОПЕК+ мәжілісінде энергетика министрі Нұрлан Ноғазев сөйледі. Ол өз сөзінде ОПЕК+ келісімі әлемдік мұнай индустриясына жайлы әсерін тигізеді, сұраныс пен ұсыныс теңгерімін сақтайтын және мұнай мен мұнай өнімдері нарығын тұрақтандырады, деп атап көрсетті. «... ОПЕК+ қатысушы елдеріндегі өндірудің жалпы шектеуі 2021 жылдың қантарында базалық деңгейден тәулігіне 7,2 млн баррель құрайды. Қазақстан үшін міндеттемелер деңгейі 2021 жылы тәулігіне 1,417 млн баррель құрайды», – делінген ҚР Энергетика министрілігі таратқан хабарламада.



ForteBank тағы «Қазақстандағы жыл банкі» атанды

Сарапшылар 2020 жылы душар болған қиыншылықтар кезеңіне қарамастан, өз клиенттері қолдау үшін банк сапалы қайта құру үдерістерін іске қосқанын атап көрсетті.

The Bank сарапшыларының пікірінше, ForteBank жеңісіні негізгі факторларын цифрландыру мен экожүйені дамыту айналысында. Forte-де инновациялық, банктік емес өнім ретінде жаңа мобильді байланыс – ForteMobile пайда болды, ал Forte-нің жаңа мобильді қосымшасының эксклюзивті өнімді ForteForex сервисі – банк клиенттеріне өзгеріске қойған бағамдары бойынша валюта сауда алуға және сағата мүмкіндік беретін сауда интернет-аланы болып табылды.

ForteBank карантин кезінде қиыншылық көрген клиенттерді қайта құрылымдау бойынша мемлекет ұсынысын белсенді қолдады. Занды тұлғалар үшін ForteBank – 6% жылдық жеңілдетілген кредиттеумен Covid-19 зардабынан жапа шеккендерді қолдау бағдарламасының да белсенді мүшесі.

Бағыр РАХМЕТҰЛЛИН

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Керек-жарақты өзімізде өндіреміз

> [1]



Аталмыш бағдарламаның басты ерекшелігі мынада: мұнда кәсіпкерлерге инвестициялық мақсатта 10 жылға дейін және айналым қаражатын толықтыруға 3 жылға дейін ұзақ мерзімді қаржыландыру және субсидиялар беру қарастырылған. Сыйақы мөлшердемесі 15%-дан аспайды, оның ішінде клиент тек 6%-ын төлейді. Қалған 9%-ын мемлекет субсидиялайды, бұл кәсіпкерге үлкен көмек, оның қаржылық жүктемесін айтарлықтай төмендетеді. Бағдарламаның талаптарына және несиелеу мақсаттарына толық сәйкес келген жағдайда ғана кәсіпкер жеңілдетілген несиені алады. Егер кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда, «Даму» қоры несиесі шамасының 50%-ын қоса алғанда 3 миллиард теңгеге дейін, 30%-ын 3 миллиард теңгеден жоғары несиелер бойынша 5 миллиард теңге алағандық несиеге кепілдік береді, – дейді «Даму» қорының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының клиенттермен жұмыс жөніндегі бас менеджері Тілек Қазбаев.

Сонымен қатар өнеркәсібі саласындағы айналым қаражатын толықтыруға бағытталған несиелік кепілдемелерге және несиесіне шамамен субсидиялау рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда оған сәйкес айналым қаражатының мөлшері жоғары шамасының 50%-ынан аспайды және несиеленген шоманың жалпы несиеленген шамасының 50%-ынан аспайды, айналым қаражатын 100%-ға толықтыруға бағытталған несиелік кепілдік беріледі.

– Агроөнеркәсіптік кешендегі қайта өңдеу жобаларына қаржыландыру банктерінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылған жағдайда, айналым қаражатын 100% толықтыруға бағытталған несиелік кепілдемелерді, субсидиялау жүзеге асырылады, «Даму» қоры субсидиялау мен кепілдемелер алу үшін электронды үкімет (Е-Gov) және OnlineDamu платформалары арқылы онлайн режимінде қарастырады, – деді Тілек Қазбаев.

«Даму» қоры арқылы биылдың өзінде қалпы шамасы 5,6 миллиард теңгеге құрайтын 8 жоба мақұлданды. Оң шешім шығарылған соңғы жобалардың бірі – «Uniserv Medical Center» ЖШС-ның медициналық жабдық алу жобасы. Бұл жобаға «Қарапайым заттар эконо-

микасы» бағдарламасы аясында берілетін несиесінің 14,95%-дық мөлшерлемесінің 8,95%-ын мемлекет өтейтін болады.

EURASIAN TREND – ЕСІКТЕР ӘЛЕМІ

«Даму» қорының қолдауына ие болған кәсіпкерлердің қатарында есік шығаруды және оны сатуды бастаған Биоблат Хайрушев те бар. Ол 2009 жылдан бері дайын ескі түрлерін сатумен айналысты. Осы жылдар ішінде Биоблат Өтегенұлы Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау, Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент қалаларында сауда орнының филиалдарын ашып, сату нүктелерінің жағырапиясын кеңейтті. Біртіндеп тәжірибе жинақтап, есіктер шығаратын зауыттарды аралап, осы бизнестің

барлық қыр-сырын мұқият зерттей келе, кәсіпкер Қазақстан нарығындағы шетелдік есік өндіріштерді ығыстырып, өз орнын алатын кез келді деген бағыт шешімге келеді. 2017 жылы Б.Хайрушев айналым қаражатын толықтыру мақсатында «Центр Кредит Банкіне» қаржыландыруға өтініш береді. Банк кәсіпкерге «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде «Даму» қорының шарттары бойынша 10%-ы субсидияланатын несиені береді. Сол жылдың аяғында ол Оралдағы Полевая көшесі 5/1 мекенжайындағы ғимаратты жалға алып, есіктер шығаратын цехтар іске кіріседі. Қазір мұнда 90-ға жуық адам жұмыс істейді. Есік жасаушы серіктестік шикізатты Ресейден алып отыр.

«Есік» индустриясы саласының соңғы үрдістерін ұстануға тырысатын кәсіпкер «Даму» қорының қолдауымен есіктер шығаруға арналған итальяндық жабдықтар сатып алуға жоспарлап отыр. «Eurasian trend» ЖШС өнімдері Қазақстанның құрылыс материалдары нарығында кеңінен танымал.

Биоблат Хайрушев қол жеткізген жетістіктерге тоқмелісімей, өндірістік қуаттылықты арттырып, өз өнімдерін ТМД елдерінің нарықтарына шығаруды армандайды. Құр армандаумен іс бітпейтінін білетін кәсіпкер өзінің зауытын салудың ауқымды жоспарын құрған. «Облыста индустриалдық аймақ құрылса, сонан бізге де орын табылар деп үміттенгіміз отырмыз. Тек Алла амандығын беріп, сол күнге жетуді нәсіп етсін», – дейді ол.

Батыс Қазақстан облысы

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ **ҰЛТТЫҚ БАНК: KASE**

НАРЫҚ ИНФАҚУРЫЛЫМЫН ДАМУЫДАҒЫ КЕЗЕКТІ ҚАДАМ

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) қаржы нарығы мен қор үшін жаңа сауда-клирингтік жүйесін іске қосты. Жаңа сауда жүйесі еліміздің валюта нарығы үшін қаншалықты маңызды? Осы ретте Ұлттық банк монетарлық операциялар департаментінің басқарма басшысы Мұхтар Орман: «Ішкі қаржы нарығы дамуын тиісті инфрақұрылымдық жаңғыртусыз іске асыру мүмкін емес. Қазіргі заманғы біржәлілік инфрақұрылым сатылатын құралдар мен олар бойынша есеп айырысулардың кең спектрін ұсынуы, сондай-ақ жоғары технологиялық және сенімділік өлшемдері арқылы сәйкес келуі керек», — деп түсіндірді өз жауыбында.

IT-жүйелерді жаңғыртуы Қазақстан қор биржасы өз жұмысын бастаған естен бері жүргізіп келеді. Бұл негізгі стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Нарық пен қаржылық қызметтердің қазіргі дамуы болашақ сын-қатерлерге жауап бере алатын IT-технологияларды дамытудың желеделіп отырған қадамға айналып отыр. Осы тұрғыда жаңа «ASTS+» сауда-клирингтік жүйесінің іске қосылуымен валюта нарығында сенімділік, өнімділік пен функционалдык көрсеткіштері артады.

KASE «ASTS+» жаңа сауда-клиринг жүйесін қолданысқа енгізуді қолға алған жылдары жылдан бастап қор нарығында орталық контрагент функцияларын орындауға кірісті. «Сауда-саттық қорытындылары бойынша мәмілелердің орындалуына кепілдіктерді қамтамасыз еткенде ғана орталық контрагенттің негізгі функциясы айқындалатынын еске салғым келеді. Мәселен, жаңа жүйені енгізген бойда 2019 жылғы 3 желтоқсанда орталық контрагентпен акциялар, пайлар, теңге және еурооблигациялар арқылы есеп айырысумен — ETF, АКШ доллары арқылы есеп айырысумен — GDR сауда-саттығы басталды», — деді Мұхтар Орман.

Биыл тамызда «ASTS+» резиденттің екінші сатысы біржаға мемлекеттік бағалы қағаздарды, корпоративтік облигацияларды, сондай-ақ акция нарығы құралдарына қоса алғанда, қор нарығының барлық қаржы құралдары бойынша орталық контрагент функциясын орындауға мүмкіндік берді. 30 қарашада валюта нарығындағы барлық сауда-саттық та жаңа сауда-клиринг жүйесіне ауыстырылды. Бұл ретте, біржа орталық контрагент функцияларының валюта нарығында да орындайтын болады.

«ASTS+» жүйесі бағалы қағаздар отандық нарығының ахуалы мен зиянасына беімделіп, Мәскеу биржасы (MOEX) сауда платформасы базасында әзірленген. Жаңа сауда жүйесін енгізу KASE-тің Мәскеу биржасымен стратегиялық әріптестік туралы келісімі аясында жүргізіледі, онда қор, валюта және мерзімді нарықтарда сауда және клиринг жүйелерін кезең-кезеңмен жаңғырту жоспарланған, бұл біржаға жаңа сауда құралдары мен есептік тізбекті енгізуге, IT-инфрақұрылымның сенімділігін арттыруға, тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді және жоғары жиіліктегі сауда үшін тиімді шешімдерді қамтамасыз етеді. «ASTS+» жаңалықтары қатарында біржадан тыс нарыққа ұсайтын келіссөздер мәмілесі рәжімін атауға болады. Сондай-ақ табысты қаржы құралдарының аясы кеңейіп, тәуекел-менеджмент жүйесі біршама жақсартылды. IT-жүйелерінің жоғары сенімділігі, бір секундта шамамен 30 мың транзакцияны өңдеу жылдамдығы және қаржы нарығы құралдарының кең жинағының қолдау жаңа жүйе ерекшеліктері болып табылады.

▶ **НЕСИЕ НАРЫҒЫ**

ЭКОНОМИКАНЫ КРЕДИТТЕУ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 1,2%-ға, 12 305,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі бір айда 0,7%-ға ұлғайып, 2020 жылғы қазанның соңында 14 441,3 млрд теңге болды. Занды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 0,3%-ға, 7 283,7 млрд теңгеге дейін төмендеді, жеке тұлғаларға — 1,6%-ға, 7 157,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 1,2%-ға, 12 305,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Олардың құрылымында занды тұлғаларға берілген кредиттер 0,5%-ға, жеке тұлғаларға — 1,7%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен кредиттер көлемі 2,4%-ға, 2 135,72 млрд теңгеге дейін азайды. Олардың құрылымында занды тұлғаларға берілген кредиттер 2,2%-ға, жеке тұлғаларға — 6,6%-ға азайды. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы 2020 жылғы қазанның соңында 85,2%-ды (2019 жылғы желтоқсанда — 83,4%-ды) құрала.

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 0,7%-ға, 12 436,9 млрд теңгеге дейін, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 0,6%-ға, 2 004,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2020 жылғы қазанда 2,9%-ға, 2 297,3 млрд теңгеге (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 15,9%-ы) дейін ұлғайды.

Салалар бойынша бөлінісетін банктердің экономикаға кредиттерінің қолмасты сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі — 13,6%), сауда (11,5%), құрылыс (5,0%) және көлік (3,4%) сияқты салаларға тиісті.

Осы жылғы қазанда банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,8% (2019 жылғы қазанда — 12,0%), жеке тұлғаларға — 16,9% (18,0%) болды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА


▶ **ҚАРЖЫ**

Күніге 2,7 млрд теңге шетел асып жатыр

Қазан айында шет елдерге жөнелтілген қаржылардың жалпы көлемі 83,1 млрд теңге құраған. Сонымен қатар ол жақтардан бізге аударымдар айтарлықтай аз. Ал бұл онсыз да күрделі экономикалық жағдайда ақша айналымының оңды өріс табуын тежері даусыз.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Ұлттық банктің мәліметтері бойынша, 2020 жылдың қазанында Өзбекстаннан Қазақстанға ақша аударымдары жүйесі (ААЖ) арқылы 5,4 млрд теңге аударылған. Бұл — жаңа рекорд. 2019 жылдың қазанымен салыстырғанда бізге түскен қаржыларымыздың көлемі 82,4%-ға өскен. Бұл ретте аударымдар өсімі үшінші ай қатарынан жалғасуда:



елдердің көрсеткіштері әжептәуір төмен.

Жалпы алғанда, 2020 жылдың 10 айында Өзбекстаннан ААЖ арқылы Қазақстанға тұтастай тұрғыда 27,3 млрд теңге аударылған. 2019 жылдың

жылдың қазанындағы көрсеткіші — 26,9 млрд теңге. Қыркүйекте бұдан сәл ғана көбірек — 27,1 млрд тг. 2019 жылдың қазанында түскені — 29,4 млн теңге. 2020 жылдың 10 айында төмендеудің барлығы 20%-ға жуықты құрапты.

Негізгі себеп — Ресейден аударымдардың екі есеге жуық төмендеуі. Қазан айында ол жақтан 6 млрд теңгеден сәл ғана аздау қаражат түскен. Салыстырар болсақ: 2019 жылдың қазанында көрсеткіш 9,9 млрд тг құраса, 2018 жылы — 19,5 млрд теңге, 2017 жылы — 16,1 млрд тг болған екен.

Аударымдар көлемдерінің төмендеуі тіпті 18 ай қатарынан (2019 жылдың мамыр айынан) жалғасуда, ал аударымдардың жалпы көлеміндегі Ресейдің үлесі осы уақыт аралығында 44%-дан 22%-ға дейін құлдырап кеткен. Бұл аударымдар шегінің 2017 жылдың басынан бергі ең төменгі мәні болып отыр.

Корейдан аударымдар көлемі де төрттен бірге жуық құлдыраған. Бір жыл бұрынғы 354,5 млрд теңгеден 2020 жылдың 10 айындағы 42,4 млрд теңгеге дейін төмендеп кеткен. Қазан айында төрт айлық максимум көрсеткіш орнаған — 4,2 млрд теңге. Мысалы, бір жыл бұрын 5,4 млрд-тан жоғары болған

осындай кезеңінде мұндай көлем 25,4 млрд теңге құрапты. Осылайша, бұл елден түскен қаржының жалпы өсімі 7,6% құрапты (1-инфографика).

РЕСЕЙ МЕН КОРЕЯДАН АЗЫРАК ЖӨНЕЛТІЛУДЕ

Өзбекстаннан аударымдар көлемінің өсуі жалпы серпінеп қарамақшы көрініс беруде — Қазақстанға шет елдерден қаражат бұрынғыдан азырақ түсіп жатыр екен. 2020

▶ **АГРОКЕШЕН: QOLDAU**

Инвестициялық субсидия: Егістік алқаптар мен жайылымдар қамтылды

Мемлекет шаруалар жер өңдеп, ырызық жинауға салған инвестицияның бір бөлігін өтейді. Осы мақсатқа Республикалық бюджеттік комиссия қосымша 27 миллиард теңге бөліп, инвестициялық субсидиялар аймақтар бойынша таратылды. Субсидиялауға өтінімдер онлайн режимінде, Qoldau.kz порталында қабылданады. Qoldau субсидиялау қызметі қазірдің өзінде 46 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жерін қамтыды.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Биылғы жылдың басынан бастап Qoldau.kz интернет-платформасы арқылы 40 мыңнан астам фермер мемлекеттік субсидия алады дегенді білдіреді. Қазан айындағы жағдай бойынша 40 049 алушы), сонымен бірге, өткен жыл ішінде портал арқылы субсидия алуға 34 мың фермер өтінім берді. Өткен жылмен салыстырғанда алушылар саны 18 пайызға өсті, дегенмен ағымдағы жыл әлі аяқталмағанымен, жыл қорытындылары айтарлықтай болады. «Жекелеген фермерлер мен ұйымдар «Qoldau» электрондық жүйесі шағын шаруа қожалықтарына субсидия алуға мүмкіндік бермейді деп сын айтқанымен, нақты фактілер керісінше жағдайды көрсетеді. Яғни бұл тұрғыдағы көрсеткіш жыл сайын өсіп отыр. Сондай-ақ алушылардың тізімі ашық, жалпыға қолжетімді. Ол порталда көрсетіледі. Бұл — алушылар санын көбейтуге көмектесетін және оны ашық түрде жүзеге асыратын электронды жүйе. Осы жүйенің, Qoldau-дың арқасында мемлекетте коронавирустың таралу қаупі сейілмеген күрделі жағдайда

қаржыландыру көлемін көбейтіп қана қоймай, алушылар санының ұлғаюына да қол жеткізді. Бұл көпшілік бас ауырта қоймайтын сала үшін маңызды жетістік», — деп атап өтті «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ бас маманы Азамат Құрманов.

Онлайн айтуынша, онлайн-субсидиялау тетігі бизнес үшін де, мемлекет үшін де шығындарды айтарлықтай төмендеткен. Бұрын мамандар тобының айлап істейтін жұмысына қазір бірнеше күн ғана кетеді. «Иә, көрсетілетін қызмет құнына қатысты көптеген сұрақтар болды. Фермерлерге бұл оңай емес екенін, олардың қосалқы бөлшектерге, құрал-жабдықтарға, жанар-жағармайға шығындарының үнемі өсіп отыратынын бірі-

міз жақсы түсінеміз. Сондықтан сараланған тариф енгізілді. Екіншіден, егер субсидиялардың жалпы көлемін алушылардың санына бөлетін болсақ, яғни белгілі бір «орташа чекті» алсақ, онда биыл шамамен 5 миллиард теңге, ал өткен жылғы 5,7 миллиард теңге шығады. Бұл бір адамға шаққандағы субсидияның орташа мөлшері. Яғни Qoldau қызметі астам есеппен «орташа чектің» 0,6%-ын құрайды. Менің ойымша, бұл қолайлы. Банктік төлемдермен салыстырғанда әдекайда төмен», — деді А.Құрманов.

Бүгінгі таңда Qoldau платформасы арқылы субсидия алушылар Қазақстанның егістік алқаптарының 72%-дан астамын өңдейтін (бұл

екен. Дәл Ресейдегідей жағдай, төмендеу тренді жылдан жылға созылғы күйде — осымен, міне, 12 ай жалғасып келеді (2-инфографика).

ШЕТ ЕЛДЕРГЕ 83 МЛРД ТЕНГЕДЕН АСТАМ АҚША ЖӨНЕЛТІЛГЕН

Сөйте тұра, Қазақстаннан шет елдерге жөнелтіліп жатқан қаржылардың көлемі одан әрі өсе түскен. Қазанда 83,1 млрд теңге «жылыстаған» және де бұл тарихта үшінші орын алады.

Оның үстіне бастапқы екі орынды иелену де биылғы жылы орнаған — маусымда (92,8 млрд тг) және қыркүйекте (93,3 млрд тг).

Республикадан 10 айда ААЖ арқылы барлығы 635,4 млрд теңге жөнелтіліпті. Бұл, 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда, 17,7%-ға (немесе 95,7 млрд тг) артық.

Қаржылардың басты бөлігі төрт елге жөнелтілуе:

- Ресейге — 171,8 млрд тг (+0,2%);
- Қырғызстанға — 137 млрд (+94,3%);
- Өзбекстанға — 127,7 млрд (+6,9%);
- Түркияға — 108,7 млрд (+43,9%).

Қырғызстан мен Түркияға аударымдардың күрт өсуі мамыр айында басталғанын атап айтқан жөн. Яғни, қатан карантиннің бірінші жеңілдетулерінен кейінгі кезде. Өзбекстан жағдайында, бұл жыл аяғына түсселіктен, дәстүрлі жазғы-қыркүйектік аударымдар өсуінен байқалды.

Ресейге қатысты айтар болсақ, мұндағы аударымдардың неғұрлым көбірек көлемі күздің басталуымен түсе бастайды. Қыркүйекте ААЖ арқылы 22,3 млрд теңге, қазанда — 22,4 млрд жөнелтіліпті. Бұдан көбірек тек 2018 жылы қазанда бір-ақ рет — 22,9 млрд теңге болған екен.

— елдің 25 миллион гектар егістік алқабының (18,6 миллионы) астық өсірушілер болып табылады. Яғни еліміздің егістік алқаптарының 2/3 бөлігі субсидиямен қамту аймағына нақ осы электронды платформаның арқасында еніп отыр. Егер егістік алқаптармен қамту жайылымдық жерлерді де есепке алатын болсақ, онда қазірдің өзінде Qoldau арқылы 46 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері субсидиямен қамтылды.

Биылғы сандар нақты емес, өйткені қосымша 27 миллиард теңге бұл көрсеткіштерді айтарлықтай түзете алады. Аймақтар тұлғасын шығындарды өтеуге бағытталған трансфертер көлемі төмендегідей (млн теңгемен):

| Барлығы/оның ішінде: | 27 052 230 |
|---------------------------|------------|
| Қостанай облысы | 4 040 328 |
| Ақмола облысы | 4 000 000 |
| Павлодар облысы | 3 900 000 |
| Сәтүстік Қазақстан облысы | 2 762 450 |
| Қарағанды облысы | 2 491 743 |
| Жамбыл облысы | 1 845 000 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 1 740 671 |
| Алматы облысы | 1 480 238 |
| Қызылорда облысы | 1 267 000 |
| Ақтөбе облысы | 1 223 600 |
| Түркістан облысы | 1 000 000 |
| Батыс Қазақстан облысы | 851 200 |
| Маңғыстау облысы | 300 000 |
| Атырау облысы | 150 000 |

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ Баспасөз қызметінің мәліметі бойынша

Индустрия алыптары

YDD Corporation: Өндіріс артып, әлеует нығайды

> | 11

Бұл өнім өнеркәсіптік, азаматтық құрылыста, кеме, әуе, автомобиль өндірісінде және басқа да салаларда қолданылады. Зауытты салу кезінде Индустрияландыру 4.0 бағдарламасының параметрлеріне сәйкес келетін әлемдік деңгейдегі технологиялар қолданылып, өндіріс заманауи сандық технологиялармен жабдықталған. Әлемдегі ең экологиялық таза кәсіпорындардың бірі саналатын өндіріс ошағында орнатылған газ тазарту жүйесі ауаны тазартудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Зауыттың өндірістік қуаты – жылына 180 мың тонна өнім. Ал жобаның қазақстандық мазмұнының үлесі 95%-дан асады.

Қуырда заманауи және жоғары технологиялық кешені үшінші пеш іске қосылды. Бұл кәсіпорынның жалпы өндірістік қуатын 30%-ға арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға түрткі болады. «YDD Corporation» ЖШС құрылтайшысы Ерлан Нығматулин атап өткендей, компания алғаш рет негізгі шетелдік мамандарын көмегіне іске қосып отыр. Сондықтан да зауыттың өнімділігін арттыру бойынша мақсатты жоспарларды жүзеге асыра алған қызметкерлердің, серіктестердің, мердігерлердің еңбегі зор. Демек, бұл мысал кәсіпорында отандық тауарды халықаралық деңгейде шығаруға қабілетті жоғары білікті мамандар еңбек ететінін тағы да дәлелдейді.

– Зауыт өнімі сапа саласындағы ең жоғары әлемдік талаптарға сәйкес келеді. Пандемия кезеңінде біз сату географиясын 15 елге кеңейтіп, еліміздің экспорттық әлеуетін дамыта аламыз. Қазіргі уақытта зауыт өнімнің 37-ден астам еліне өнім экс-



порттайды. Негізгі өткізу нарықтары – Жапония, Оңтүстік Корея, Еуропа, Америка және тағы басқа елдер, – дейді ол.

YDD Corporation құрылтайшысы Давид Кемертелидзе Қазақандық феррокорытта зауытты әлемдік инвестициялық қоғамдастыққа Қазақстан экономикасының мүмкіндіктерін, еліміздің басылығы құрған инвестициялық климатты паш ететінін атап өтті. Ол өнімнің түрлі елдерінде, соның ішінде дәстүрлі инвестициялық климат тартымды болып саналатын Еуропада жұмыс істей жүріп, еш жерде біздің елдегідей мемлекет тарапынан инвесторлар үшін ойландырылған және функционалдық сервисті кездестірмегенін жеткізді.

Бүкіл әлемдегі қалыптасып отырған жағдайға қарамастан, пешті іске қосу жоспарланған кес-

теге сәйкес жүргізілді. Компания акционерлерінің ауысымдық жұмыс кешесінен бахталық жұмыс әдісіне көшу үшін барлық қажетті жағдайлар жасауын арқасында Covid-19 пандемиясының бірінші толқыны кезінде өндірістің ағымдағы көлемі сақталып қалды. Пандемия, әсіресе төтенше жағдай кезінде, халық үшін нағыз сынақ болды. Осындай қиын-қыстау кездерде компания қазақандықтар үшін қосымша жұмыс орындарын құра алды. Тағы бір пештің іске қосылып, өндірістің кеңейуі аймақтың дамуына серпін беріп, ол мультиплативті әсерді қалыптастырады дегенді білдіреді.

Күрмеулі кезеңде азаматтық бастама көтерген зауыт құрылтайшылары алғашқылардың бірі болып мемлекетке өздерінің тарапынан қол ұшын созып, отандастарымызға

қайырымдылық көмек пен қолдау көрсеткені мәлім. Компания төтенше жағдай кезінде мемлекеттің іс-қимылын қолдау үшін құрылған Қазақандық облыстық қорына 100 миллион теңге бөлді. Сондай-ақ, шілде айында коронавируспен ауырған науқастарды емдеу үшін Қазақандық облысының ауруханаларына 100 оттегі концентраторын, пульсоксиметрлер мен «Эноксапарин» препаратын беріп, гуманитарлық көмек көрсетті. Ал тамыз айында емханалардың мобилдік топтарының жұмысы үшін емдік іс-шараларды жүргізуге, ауруханаға дейінгі кезеңде науқастарды тасымалдау мен олардың жай-күйінің мониторинг жүргізуге арналған және шұғыл медициналық көмек чөмөндармен жарактандырылған 10 жеңіл машина өтеусіз берілді.



Көмір өнеркәсібінің флағманы

«Богатырь»: Жарты ғасырлық жетістік

30 қарашада 1985 жылы құатлығы бойынша Гиннестің рекордтар кітабына енген әлемдегі ең үлкен «Богатырь» көмір кенішіне 50 жыл толды. Данқты кен орны бүгінде де біік белестерден көрінуде.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Кейіннен «Богатырь» аталған № 5/6 Ертіс көмір кенішінің бірінші кезегі 1970 жылғы 30 қарашада пайдалануға берілген болатын. Өлемге әйгілі көмір алыбының тарихы дәл осы атаулы күннен басталады. Бүгінде «Богатырь» кеніші «Самұрық-Қазына» қазақстандық ұлттық әл-ауқат қорының «Самұрық-Энерго» АҚ бірлескен кәсіпорны – «Богатырь Көмір» ЖШС және «РУСАЛ» ресейлік біріккен компаниясының құрамына кіреді. «Богатырь Көмір» ЖШС-нің үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 65 пайызы және Қазақстанда өндірілетін көмірдің жалпы көлемінің 40 пайызы тиесілі. «Богатырь Көмір» ЖШС – ашық тәсілмен көмір өндіру бойынша әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі, оның баланстық қоры – 2,6 млрд тонна. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 42 млн тонна көмірді құрайды, оның ішінде «Богатырь» кеніші бойынша – 32 миллион тонна, «Северный» кеніші бойынша – 10 миллион тонна. Компания Қазақстанда да, Ресейде де орналасқан Топтың және үшінші тұлғаларын қуат өндіретін объектілеріне көмірді нарықтық шарттар бойынша жеткізеді. Көмір кестіктерінің Екібастұз 1-ГРЭС-тен 35 км және Екібастұз 2-ГРЭС-тен 53 км аралықта (темір жол бойынша қашықтық) орналасуы Топ үшін көмірді тасымалдауға кететін шығындарды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстандық көмір электр станцияларының көбі «Богатырь» көмірін пайдаланады. Жыл соңына қарай

«Богатырьлықтар» тұтынушыларға 43 миллион тоннадан астам көмір жөнелді.

Алғашқы уақытта «Богатырь» кенішінде көмір өндіру мен тасымалдаудың циклік-ағымдық технологиясы (ЦАТ) енгізілді. Ол көмірді темір жолмен тасымалдауға қуатын жылына 40 миллион тонна көмірге дейін арттыра алады.

Сонымен қатар кәсіпорын табиғатты қорғау жөніндегі іс-шараларды жүйелі жүргізуде. Өтіп бара жатқан жылы «Богатырь Көмір»

қоршаған ортаны қорғауға 3 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Олардың басым бөлігі көмір өндіру кезінде алынатын аршыма тау жыныстарын ілкі және сыртқы үйінділерге орналастыруға бөлінді. Мәселен, 2020 жылдың тоғыз айы ішінде ілкі үйінділерге 40,7 мың тонна, сыртқы үйінділерге 26,4 мың тонна аршыма тау жыныстары орналастырылды. Тұтастай алғанда, биыл өткізілген жұмыстардың нәтижесінде қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың көлемі 40,4 мың тоннаға азайды. Соның ішінде, ауаға ұшатын зиянды тозаң көлемі 32 тоннаға төмендеді. Түз және Ақбайдай көлерінде төгілетін қалдықтар көлемі 3,4 тоннаға қысқарды. Кәсіпорындағы барлық бұрғылау қондырғыларының 90%-ы тозаң ұстап қалады, бұл да табиғатты қорғау шараларының маңызды бөлігі.

Компания үшін аз қамтылған

және көп балалы отбасыларға, мүгедектерге және жалғыз тұратын зейнеткерлерге көмірді тегін беру – кәсіпорынның көптеген жылдар бойы жүргізіп келе жатқан ігі дәстүрі. Қуырда серіктестік қайырымдылық көмек ретінде пешпен қалыптатылған үйлерде тұратын аса мұқтаж екібастұздықтарға 3000 тонна көмір бөлі. Қыстың қалпына сұғынады 600 Екібастұз отбасы үшін бір әжептәуір көмек болды.

Мерейтой аясында «Богатырь Көмір» компаниясында бірқатар мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Осы орайда «Богатырьда» 40 жылдан астам жұмыс істеген кеншілер ведомстволық наградалармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ал тамашалау алаңында ашылған «Богатырь» кенішіне – 50 жыл» ескерткіш монументі – тарих парактарында сақталатын ерекше сый.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Индустрияландыру

АЛАЙҒЫР КЕН-БАЙИТУ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Алайғыр кен-байыту комбинаты 2022 жылы жұмысын бастайды.

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ хабарлауынша, «Алайғыр» БК» ЖШС Қарағанды облысында Алайғыр кен-байыту комбинатын салу туралы ЕРС-келісімшартына қол қойды. Құрамына 3 қазақстандық компания кіретін консорциум: «Темір Зап» ЖШС, «ВауПржект» ЖШС және «MCI Group» ЖШС жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеп, кен-байыту фабрикасы құрылысына керек-жарактарды жеткізугемен айналысатын болады. «Ашық тендер қорытындысы бойынша конкурстық комиссия консорциумының өтімін жөнінде деп анықтады. Барлық корпоративтік рәсімдер етекнен кейін ЕРС-келісімшартына қол қойылды. Мердігерлердің осындай нысандарда оң жұмыс тәжірибесі бар екенін атап өткізіледі», – деп «Алайғыр» БК» ЖШС бас директоры Дәнеһ Сказков.

Кен-байыту комбинатының құрылысы кезеңінде 253 адам жұмыспен қамтылады. Пайдалануға берілгеннен кейін өндіріс нысанында 400-ден астам жұмыс орны құрылады. Алайғыр БК құрылысына салынған инвестиция көлемі 128,5 миллион АҚШ долларын құрайды.

Қазіргі уақытта екі электр подстанциясы, 143 шақырымдық 110 кВ жоғары вольтты желі және 21 шақырым технологиялық магистраль құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Тау-кен жұмыстарына дайындық шаралары іс жүзінде аяқталды, инфрақұрылым нысандарының құрылысы жалғасуда. 2022 жылдың аяғына дейін кен-байыту комбинаты жобалық қуатына (900 мың тонна кен) жетеді.

Айта кетейік, 2011 жылы қазанда құрылған «Алайғыр» БК» ЖШС Қарағанды облысының Қарқаралы және Шет аудандарының шекаралық облыста орталықтан оңтүстік-шығысқа қарай 130 шақырым жерде орналасқан Алайғыр полиметалл кен орнын игерумен айналысады. Кен орнының қанаттан қоры шамамен 1 млн тонна қорғасынға тең.

НҰРЫЛЫ ЖОЛ: БАСПАНА

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Еліміз өмірлерінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға зор көңіл бөлініп отыр.

